

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

19.09.2022 ж.

Қатысқандар:

1. ФСҚЕК төрайымы – Қошанова Гүлназира – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы
2. Хатшы – Ғ.А.Шукенова

Комиссия мүшелері:

1. Қошанова Г – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

Комиссия мүшелері:

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Ғалия – аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6В07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР БҒМ Реестрінде тіркелуін және мерзімді жаңартылуын, 2022-2023 оқу жылына ББ, ЖОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілуін қадағалау.

2. Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген - ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру, өткізу.

3. ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау.

4. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелерін қадағалау.

5. Қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

1. **Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы:** Г.Қошанова сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

а) Факультетте барлық ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және

1-қосымшада көрсетілген сыртқы және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген.

ә) Факультетте іске асырылатын ҚР БҒМ Реестрінде тіркелген ББ:

Білім беру бағдарламасының атауы	БББ түрі	Өтінім түрі	Мәртебе
6В01573-Информатика	Инновациялық БББ	Тізілімге БББ қосу	Қабылданды 25.05.2021
6В06181-Ақпараттық технологиялар	Қолданыстағы БББ	Тізілімде БББ жаңарту	Қабылданды 25.05.2021

6B07154-Автоматтандыру және басқару	Қолданыстағы БББ	-	Қолданыстағы ББ 25.05.2020
6B07153-Электр энергетикасы	Қолданыстағы БББ	Тізілімде БББ жаңарту	Қабылданды 25.05.2020
7M01557-Информатика	Қолданыстағы БББ	-	Қолданыстағы ББ 30.04.2020
6B06181-Компьютерлік инженерия	Жаңа БББ	-	Қолданыстағы ББ 20.04.2020

1.Шешім: Факультетте іске асырылатын ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және басқа да сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес, ҚР БҒМ Реестрінде 2022-2023 оқу жылына 6B07153-Электр энергетикасы ББ жаңартылды, басқа ББ 2021-2022 оқу жылындағы мәлімет бойынша тіркелген, 2022-2023 оқу жылына ББ, ЖОЖ, т. б. оқу бағдарламалары бекітуге академиялық кеңеске ұсынылсын.

2. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Г.Қошанова сөз алып күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аккредиттеу мерзімі аяқталған 7M07154-Автоматтандыру және басқару ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру, өткізу бойынша тиісті құжаттар даярлануда. Аккредиттеу жұмыстары алдағы ақпан айына жоспарлануда деп айтып өтті.

2.Шешім: Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген ББ бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын.

3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Г.Қошанова сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

2021-2022 оқу жылына ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 10 қосымшасына сәйкес анықталды. Яғни, бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкес жүзеге асырылуда. Талаптар орындалуда.

3.Шешім:

3.1. 2021-2022 оқу жылына бакалавриат бойынша бітіруші жұмыс жетекшілері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 10 қосымшасы 74 (Б) тармағында бекітілген біліктілік талаптарға сәйкестігі расталды.

3.2. Бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарының сәйкестігі қадағалансын.

4. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Г.Қошанова сөз алып факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтерімен (9-қосымшада көрсетілген) комиссия мүшелеріне таныстырып өтті.

Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді. Факультет оқытушылары «Damutek» ЖШС, SAMGAR республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы және «Ғалымнұр», INTUIT.RU біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығында және Нұр-Сұлтан қаласындағы Үкіметтік емес сапаны бағалау орталығында өз өтетін пәндері бойынша онлайн форматта біліктілікті жетілдіру курсынан өтті. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру» курсы ұйымдастырылып, барлық ОПК осы

курстан өтіп арнайы сертификаттар берілді. Профессор-оқытушылардың жүктемелерінде бөлінген пәндерден алынған сертификаттары, бұйрықтан үзінді, есептері портфолиоларына салынды.

4.Шешім: Факультеттегі профессор - оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері талапқа сай деп танылсын.

5. Қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау бойынша комиссия мүшесі: Ниязова Гулжан өз ойларын айтып өтті: аккредиттелмеген қайта аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының жұмыстары жүруде, ББ бойынша қадағалау бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкес жүргізілуде, профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелері де талапқа сай жүргізіліп жатқандығына көз жеткізіп отырмыз. Сол себепті қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау нәтижесін қанағаттанарлық деп айта аламыз.

5.Шешім: Комиссия жұмысының қыркүйек айында жүргізілген іс шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:  Г.Қошанова

Мәжіліс хатшысы:  Ғ.Шукенова